

## Қазақстан Республикасында этил спирті мен алкогольді өнімдер импортын лицензиялау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 27 маусымдағы N 1031 . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 Қаулысымен

**Ескерту.** Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

**ЕСКЕРТУ.** Мәтіні мен тақырыбындағы сөздер ауыстырылды - ҚРҮ-нің 1998.12.29. N 1351 қаулысымен.

**ЕСКЕРТУ.** Тақырыбы мен кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.17. N 663 қаулысымен .

Этил спирті мен алкогольді өнімдер өндірісі және импорты саласында мемлекеттік бақылауды күшейту, бюджетке салықтың толық түсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ отандық тауар өндірушілердің мүдделері мен тұтынушылар құқығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында этил спирті мен алкогольді өнімдер импортын лицензиялаудың тәртібі бекітілсін.<\*>

**ЕСКЕРТУ.** 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1151 қаулысымен.

**ЕСКЕРТУ.** 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.17. N 663 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті осы тауарларды импорттауға лицензиясы болған жағдайда, оның ішінде этил спиртін және арақты Кеден одағына кіретін мемлекеттердің аумағынан әкелетін жағдайларда да, әкелінетін этил спирті мен алкогольді өнімдерге акциз маркілеріне өтінімдерді қабылдауды және беруді жүзеге асырсын. <\*>

**ЕСКЕРТУ.** 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1151 қаулысымен .

**ЕСКЕРТУ.** 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.17. N 663 қаулысымен .

3 . < \* >

**ЕСКЕРТУ.** 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.06.17. N 663 қаулысымен .

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.06.17. N 663**  
қаулысымен .

5. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап бір айдан кейін күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 27 маусымдағы

N 1031 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасында этил спирті мен алкогольді өнімдер импортын лицензиялаудың тәртібі**

**ЕСКЕРТУ. Мәтіні мен тақырыбындағы сөздер ауыстырылды - ҚРҮ-нің 1998.12.29. N 1351 қаулысымен.**

**ЕСКЕРТУ. Ереже өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1151 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. Тақырыбы мен мәтініне өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.17. N 663 қаулысымен .**

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасында этил спирті мен алкогольді өнімнің импортын лицензиялаудың тәртібін айқындайды.

2. Осы Тәртіптің күші ұйымдық-құқықтық нысаны мен тіркелген орнына қарамастан, шетелдік тұлғаларды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының барлық заңды және жеке тұлғаларына (бұдан әрі - өтінім беруші) қолданылады.

3. Лицензиялар белгіленген нысандағы бланкілерде ресімделеді (1-қосымша).

Лицензия бланкілері ұсынушы үшін бағалы қағаз деңгейінде қорғалу дәрежесі, сондай-ақ есептік сериясы мен нөмірі бар, қатаң есептемелік құжат болып табылады. Лицензия бланкілерін сатып алуды, есебін жүргізуді және сақтауды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (бұдан әрі - Лицензиар) жүзеге асырады. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 1998.12.29. N 1351 қаулысымен.**

**ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.28. N 1773 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.22. N 72 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.17. N 663 қаулысымен .**

4. Этил спирті мен алкогольді өнімді импорттауға лицензияны ресімдеу үшін өтінім беруші Лицензиарға мыналарды тапсырады:

- а) лицензия алуға белгіленген үлгідегі өтініш (2-қосымша);
- б) сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар арасындағы сатып алу-сату келісім-шартының (шарттың) көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы;
- в) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік:  
заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;  
жеке тұлғалар үшін - жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
- г) лицензиялық алым төленгенін растайтын құжат;
- д) этил спирті импорттау кезінде алкогольді өнім өндірісіне берілген лицензиясы;

е ) < \* >

ж) алкогольді өнімнің импорты кезінде алкогольді өнімді сақтауға және көтерме сатуға арналған лицензиясы.

"в", "д", "ж"-тармақшаларында аталған құжаттардың бірінші басшының қолымен, өтінім иесінің мөрімен куәландырылған көшірмесі;

ж) тармақшасында көрсетілген құжаттарды сыра импорттаушылар ұсынбады . < \* >

Өтінім берушіге тапсырылған мәліметтердің дұрыстығы үшін жауапкершілік жүктеледі .

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.29. N 1351 қаулысымен.**

**ЕСКЕРТУ. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.17. N 663**

қаулысымен .

**ЕСКЕРТУ. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.13. N 860**

қаулысымен .

5. Өтінім берушінің тапсырған құжаттары Лицензиардың деректер банкінде тіркелуге жатады .

Лицензия беру немесе беруден бас тарту туралы шешім барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзімнен кешікпей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - он күндік мерзімнен кешікпей қабылданады .

**ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.29. N 1351 қаулысымен.**

6. Лицензия шартқа кіргізілген тауарлар атауының санына қарамастан, ең кемі алты белгісі бар коды көрсетіліп, сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес тауардың бір түріне ресімделеді.

Лицензия берілген күннен бастап, ол берілген күнтізбелік жыл аяқталғанға дейінгі кезеңге, бір мәміле бойынша импортты жүзеге асыру үшін лицензия беріледі.

7. Лицензия беруден бас тарту, күшін тоқтату, лицензияны қайтып алу және кідірту "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Лицензияны қайтып алу және оның қолданылуын кідірту туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 күн мерзімде жазбаша түрде лицензиатқа және кеден органына жеткізіледі.

8 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 8-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.06.17. N 663 қаулысымен .**

9. Лицензия иелігінен алынбайтын, яғни лицензиат оны басқа жеке немесе заңды тұлғаларға бермейтін болып табылады.

Лицензия онда көрсетілген мерзімде тауардың бір түрін импорттауға берілген р ұ қ с а т б о л ы п т а б ы л а д ы .

Лицензиат этил спирті мен алкогольді өнімнің импортын кедендік ресімдеу үшін негіз болып табылатын лицензиялық түпнұсқаны Қазақстан Республикасының кеден органына тапсырады.

10. Лицензияның күшінде болатын мерзімі өтісімен, өзінде оның түпнұсқасы бар кеден органы, оның орындалуы туралы тиісті белгі қойып, мөрмен және бірінші басшының қолымен куәландырылған лицензияның көшірмесін 10 күн мерзімде Лицензиарға жібереді.

11. Лицензия алымының мөлшері мен оны төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

12. Лицензиардың этил спирті мен алкогольді өнім импортын лицензиялауға байланысты шешімдері мен іс-әрекеттеріне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

1-қосымша

**ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.28. N 1773 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.22. N 72 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.17. N 663 қаулысымен .**

### **Импортқа арналған лицензия**

| 1 . Л и ц е н з и я N

|

| 2. Өтінім беруші ұйым, оның мекен-жайы, телефоны | \_\_\_\_\_

|

3. Тапсырумен (ұйым   _____		7. Сатушы, оның мекен-жайы							
кәсіпорын, оның		_____							
мекен-жайы, телефоны)		_____							
_____		_____							
4. Тұтынушы		8. Сатушының елі _____							
_____		_____							
5. Баратын елі		9. Мерзімі  Өтініш  лицензия							
_____		бойынша  бойынша							
_____		_____							
6. Кеден		10. Мәміленің сипаты							
_____		11. Төлем валютасы							
_____		_____							
12. Тауардың		13. СЭҚ ТН		14. Өлшем		15. Саны		16. Тауардың	
атауы мен толық		бойынша тауар.		бірлігі				жалпы құны	
сипаты		дың коды						(мың)	
_____		_____		_____		_____		төлем   тең.	
_____		_____		_____		_____		валю.   ге.	
_____		_____		_____		_____		тасымен   мен	
_____		_____		_____		_____		_____	
17. Лицензия сұрау үшін негіз		19. Келісілді							
_____		_____							
18. Өтінім беруші ұйымнан		20. Қазақстан Республикасы Қаржы							
_____		министрлігінің Салық комитеті,							
_____		аты-жөні, лауазымы, қолы							
_____		М . О . күні							
_____		_____							
21. Есеп (валюта) шоттарының номері, банк бөлімшесінің атауы		_____							
_____		_____							
22. Лицензияның		айрықша		шарты					
_____		_____		_____					

2-қосымша

**ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.28. N 1773 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.22. N 72 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.17. N 663 қаулысымен .**

## Импортқа лицензия алуға арналған өтініш

1. Лицензия N _____			
2. Өтінім беруші ұйым, оның мекен-жайы, телефоны _____			
3. Тапсырумен (ұйым, _____)		7. Сатушы, оның мекен-жайы	
кәсіпорын, оның _____		_____	
мекен-жайы, телефоны) _____		_____	
4. Тұтынушы _____		8. Сатушының елі _____	
_____		_____	
5. Баратын елі _____		9. Мерзімі  Өтініш  лицензия	
_____		бойынша  бойынша	
_____		_____	
6. Кеден _____		10. Мәміленің сипаты _____	
_____		11. Төлем валютасы _____	
_____		_____	
12. Тауардың атауы мен толық сипаты _____		13. СЭҚ ТН бойынша тауардың коды _____	
_____		14. Өлшем бірлігі _____	
_____		15. Саны _____	
_____		16. Тауардың жалпы құны (мың) _____	
_____		төлем тең. _____	
_____		валют. ге. _____	
_____		тасымен мен _____	
_____		_____	
_____		_____	
17. Лицензия сұрау үшін негіз _____		19. Келісілді _____	
_____		_____	
18. Өтінім беруші ұйымнан _____		20. Қазақстан Республикасы Қаржы	
_____		министрлігінің Салық комитеті,	
_____		аты-жөні, лауазымы, қолы	
_____		М . О . _____ күні	
_____		_____	
21. Есеп (валюта) шоттарының номері, банк бөлімшесінің атауы _____			
_____			
22. Лицензияның айрықша шарты _____			
_____			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК